

ХҒТАР 16.01.17

ЖЫРАУЛАР ПОЭТИКАСЫНДАҒЫ МИФТІК ПЕРСОНАЖДАР

НҮРДӘУЛЕТОВА Б.И.

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті,
Ақтау, Қазақстан

Аңдатпа. Жыраулар поэтикасындағы мифологиялық таным адам мен табиғат арасындағы тұтастық туралы түсініктен туған. Бұндай танымды антропоцентристік парадигманың бір көрінісі ретінде қарастыруға болады.

Мақалада жыраулар поэтикасындағы мифологиялық персонаждарды құрайтын аң, құс, өсімдіктер және географиялық атауларға байланысты мифтік образдалу туралы талданады.

Түйінді сөздер: жырау, мифтік, персонаж, дүниетаным, мифологиялық атау, дарак ағаш.

Жыраулар поэтикасындағы дүниенің концептуалдық бейнесінде жан-жануарлардың, өсімдіктердің, жер-су атауларының мифтік сипаты ерекше психологиялық, философиялық мәнге ие. Жыраулар тілінде жан-жануарлардың мифтендіріліп берілуі жалпы қазақ ұлтының дүниетанымдық кеңістігінде олардың қандай орын алатынын көрсетеді. Ақын Е.Раушанов поэтикасындағы автометафоралардың мифтік «қабаттарын» зерттеген тарауында ғалым Ж.Әскербекқызы: «Аң-құстарды өздерінің тотемі санау көптеген халықтар мифологиясына тән. Мифтік сана бойынша адам мен табиғат бір, сондықтан олардың бір-бірінен ешқандай айырмасы жоқ. Осы сенімнен мифтік құбылу туындайды. Яғни адам кез келген жануарларға және құсқа айнала алады. Осы таным уақыт өте, адамзат санасы дами келе поэтикалық бейнелеулерге негіз болды», – деген пікір айтады [1, 69]. Шындығында да, жыраулар поэтикасындағы жан-жануарлар, өсімдіктер, жер-су атаулары белгілі бір мифтік персонаждар қатарын түзеді. Олар тура мағынасында, нақты іс-әрекеттің субъектісі түрінде емес, белгілі бір поэтикалық бейнеде, нышанда алынады. Әрине, бұл бейсаналық дәуірге тән жан-жануарға табыну түрінде емес.

«Животные - большая совесть человечества, чувствительность которой заостряется по мере его растущего самоутверждения над природой. И если зооцентризм есть исторически изжитая, пройденная стадия культурообразования, то анимализму принадлежит возрастающая роль в создании предпосылок будущей, экологически сбалансированной культуры, преодолевшей пагубную односторонность антропоцентризма. Анимализм как творчески осмысленное и ответственное отношение человека к животным - один из важнейших резервов и импульсов развития современного гуманизма, все более выходящего из наивной своей стадии "человекопоклонства" к зрелому сотрудничеству и взаимодействию со всеми формами жизни на Земле» [2].

Жыраулар танымында қара бүркіт, күрең ат, дуадақ, ордалы жылан, дегелек, аққу, ор қоян, ор киік, көкала үйрек т.б. аң, құс атаулары мифтік, тылсымдық құбылыстардың нышаны ретінде суреттеледі.

Мен бүгін бір түс көрдім,
Түсімде ғажап іс көрдім.
Бір қара бүркіт үстімде
Жүруші еді торып-ай.
Шақырсам да қонбады,
Бұл жолғы түсім оңбады.
Бүркітім кетті қолымнан,

Жарылқа, Алла, жолымнан
Қайта айналып шапқанда –
Жамалдатқыр күрең ат –
Аяғын қия баспады,
Жамандыққа бастады (Қалнияз) [3,177].
Ата сойың белгілі
Дуадақ ұшқан төбе еді,
Айдын шалқар көл еді (Нұрым) [3, 267]

Кейде тарихи персонаждарға қатысты мифтік түсінікке құрылған сюжеттер жыр тілінде образды оралымдарға арқау болатын сәттері кездеседі. Мәселен ҰҒК-ның сирек қолжазбалар қорынан табылған авторы белгісіз «Қыз ұзатқанда айтылатын тойбастар» жырында:

Қолға алған қара сабаң құтты болсын,
Ішінде қоңыр үйрек пырылдасын... [4, 403]

деген жолдар бар. Осындағы «қара сабаның ішінде қоңыр үйрек пырылдау» фреймі «барлық, байлық» концептісіне қатысты қолданылады. Осындай этнографиялық сипаттағы ұғымдық-құрылымның қалыптасуына себеп болып тұрған мифтік сюжет мынадай: Кіші жүздің Әлім тайпасының бір атақты байының екі әйелі болады. Бір күні байдың ауылы көшіп келе жатса, кіші әйелдің (тоқалдың) көші кейінге қалып қояды да, үлкен әйелдің (бәйбішенің) көші ілгері озып кетеді. Бәйбіше ересектеу баласына «кіші шешеннің көші қай шамада келе жатыр, біліп кел» деп жібереді. Баласы кейін қалған көшке келсе, кіші шешесінің көші жермен емес, көкпен көтеріліп, әйелдің өзі аққуға айналып ұшып келе жатқанын көреді. Баласының есі шығып, өз шешесіне келіп: «Кіші апам тегін болмады, аққу болып ұшып келе жатыр» дегенде, долданған бәйбіше: «Жаман тоқалдан менің қай жерім осал» деп, қара сабаны пісіп-пісіп қалғанда, сабаның ішінен қоңыр үйрек пыр-пыр етіп ұша жөнеледі.

Осы пікірімізді Нұрым жыраудың мына жыр жолдары да толықтыра түседі:

Үйрек ұшып, қаз қонған,
Келіспей кетті сабасы (Нұрым) [3, 268]

Қоңыр үйректің мифтік бейнесі кейде көкала үйрек түрінде де беріледі. (Кемпірбайда: «Кеудемнен көкала үйрек «қош» деп ұшты, Сол шіркін кәрі жолдас - өлең білем»). Осындай образ Қашағанда да бар:

Жарқыраған жаз болып,
Сабасының түбінен
Үйректер ұшып ұядан,
Қаңқылдаған қаз болып,
Қу серуендер саз болып,
Ұша алмай мамыр балапан
Балшығын шайнар балапан [5].

Сондай-ақ, географиялық атаулардың да мифтік астары бар. Жыраулар поэतिकонында жер-су атауларының мифтік танымға негізделген нұсқалары қолданылады. Қазақ халқының ұлттық танымындағы «құтты қоныс», «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» жерұйықты аңсау идеясынан туған ортақ жер атаулары: Төрткүл, Алғидың ала дөңі, Сарыарқа, Алғи-Нұр, Нұрбұлақ, Құндыздың Қара теңізі, Алты су біз зерттеген жыраулар концептуалдық танымы бойынша да «дүниенің пайда болуының, адамзаттың жаралуының» алғашқы бастауы болған, түпкі текпен байланысты ерекше тылсымдық кеңістік ретінде сипатталады. Осы жөнінде мифтанушы С.Қондыбайдың [6, 155-161], қазақ ономастикасын зерттеуші Б.Тілеубердиевтің [7, 208-211] зерттеу-талдаулары бар. Біз осы мифтік нысандардың жырда берілу уәжіне ғана тоқталамыз.

Алыстау жерде ауылдан
Көрініп тұрған бір тауда

«Дарау» деген ағаш бар,
Сол ағаштың түбінде
Ағып жатқан бұлақ бар
Құйылып жатқан салаға-ай.
Сол бұлақтың шетінде,
Күнге бағар бетінде
Жапырағы гулеген,
Миуалы жеміс түрленген,
Бұтақтары гүлденген,
Саясы салқын самалдай,
Нән бәйтерек түбінде
Төгілген жеміс көп екен,
Жеміс жеп қыздар кідірді...
Сол қара таудың басында
«Дарақ» деген ағаш бар,
Түбінде аққан бұлақ бар.
Бұлақтың атын айтайын:
Түркістан маңы Алғый-Нұр,
Қарашаңдақ, Шадыра...

Дарақ ағаш немесе нән бәйтерек – мифопоэтикадағы әлемдік бәйтерек (мировое дерево), бәйтерек түбінде ағып жатқан су – тіршіліктің бастауы немесе космостық әлем мен хаостық дүниені бөліп жатқан су көзі. Екінші сурет: Қара тау – жоғары (аспан әлемі), төмен (жер асты) және орта (жер үсті) әлемді байланыстырушы мифтік шегара, бұлақ – тіршілік көзі.

Сөзімнің болмас негізі.
Анық жортқан адамға
Алты күндік жер дейді
Құндыздың қара теңізі...

Осынау тылсым мекенде Алланың ерекше нұрынан жаратылған перзент дүниеге келеді.

Нұрдан жаралу:
Мен – Адай бір айтуда нұрдан болдым,
Алла айтқан періштеге сырдан болдым.
Бір айтуда дарау ағаш түбіндегі
Пері қыз мекен еткен судан болдым...
Қара сүйек емеспін сен сықылды
Нұр-зада - ақсүйектен туған болдым. (Қашаған)

Жалпы еліне тұлға болған перзенттерінің туысының өзін ғажайып тылсыммен байланыстыру, яғни қарапайым адамнан бөлекше Алланың нұрынан ғайыптан жаратылған етіп көрсету пайғамбарлардың (Иса пайғамбар), ұлы қағандардың (Шыңғысхан), тарихи батыр тұлғалардың (Едіге) тарихында бар. Сол сияқты болашақ бір тайпаның атасы болатын Адайдың туысын нұрдан жаратылған етіп сипаттау көптеген аңыз әңгімелер мен жыр-дастандарға арқау болғанын байқаймыз. Дарақ ағаш, бәйтерек, ағаш түбіндегі бұлақ – нұрдан жаратылатын перзент дүниеге келетін мифтік кеңістіктегі тылсым объектілер болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жанат Әскербекқызы. Даңғыл. Алматы: Арыс, 2007. -187 б.
2. Эпштейн М. Постмодерн в русской литературе. Москва: Высшая школа, 2005. - 495 с.
3. Қайыртпай кеткен Қашаған. Алматы: Жазушы, 2011. - 432 б.

4. Қондыбай С. Арғы қазақ мифологиясы. Бірінші кітап. –Алматы: Дайк-пресс, 2004.
-509
5. Болатбек Тілеубердиев Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері.
А.: Арыс, 2006. - 277 б.

МИФИЧЕСКИЕ ПЕРСОНАЖИ В ПОЭТИКЕ ЖЫРАУ

Нурдаулетова Б.И. - Каспийский университет технологий и инжиниринга им Ш.Есенова, г. Актау, Республика Казахстан (nurdauletova@mail.ru).

Аннотация. Мифологические познания в поэтике Жырау родились из представления о единстве человека и природы. Такое познание можно рассматривать как проявление антропоцентрической парадигмы.

В статье анализируются мифологические изображения животных, птиц, растений и географических названий, составляющих мифологических персонажей в поэтике Жырау.

Ключевые слова: жырау, мифический, персонаж, мировоззрение, мифологическое наименование, мировое дерево.

MYTHICAL CHARACTERS IN THE POETICS OF ZHYRAU

Nurdauletova B.I. - Sh.Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, [Aktau](#), Kazakhstan (nurdauletova@mail.ru).

Abstract. Mythological knowledge in the poetics of Zhyrau was born from the idea of the unity of man and nature. Such knowledge can be viewed as a manifestation of the anthropocentric paradigm.

The article analyzes mythological images of animals, birds, plants and geographical names that make up mythological characters in the poetics of Zhyrau.

Keywords: zhyrau, mythical, character, worldview, mythological name, world tree.

